

Увеличение численности коренного населения в Казахстане:

В 1956 году из Казахстана в Чечено-Ингушскую АССР вернулось 8 550 чеченцев и ингушей, а в 1957 году в Алматинскую и другие области Казахстана переселились десятки тысяч представителей этих народов.

Отток немецкого населения начался в 1990-е годы из-за политической и экономической нестабильности. В 1989 году в Казахской ССР проживало около 1 миллиона немцев (5,8% населения), но к началу XXI века их численность сократилась до 222,7 тысячи человек, так как ежегодно около 100 тысяч немцев эмигрировали в Германию.

После независимости Казахстана была принята программа возвращения этнических казахов - "Оралманы" (ныне "Кандасы"). С 1991 года в страну переселилось более 953 тысяч этнических казахов (5,5% населения), из которых более половины прибыли после 2000 года.

Заключение

Демографические процессы в Казахстане были обусловлены множеством трагических событий, которые значительно уменьшили численность населения страны. Казахско-джунгарские войны, колонизация Российской империей, Гражданская война, частые голод и неурожай, коллективизация и репрессии 1930-х привели к резкому сокращению численности коренного населения.

Насильственная коллективизация, индустриализация, раскулачивание и голод 1930-1933 годов стали катастрофой для казахского населения. Потери в Великой Отечественной войне также привели к демографическим изменениям. За XX век Казахстане потерял миллионы людей, что привело к изменению этнической структуры населения.

Таким образом, демографическая ситуация в Казахстане сложилась в результате природных, исторических, политических и социальных факторов, которые сделали Казахстан одной из самых многонациональных стран в мире, несмотря на крайне негативное влияние вышеперечисленных событий.

Список использованной литературы:

1. Qazaqstantarihy: <https://e-history.kz/ru>
2. Wikipedia: https://ru.wikipedia.org/wiki/Заглавная_страница
3. Учебник для высших учебных заведений «ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА» под рук. Кузембайулы Аманжол Абиль Еркин
4. Учебник для ВУЗов «ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА» под рук. Г. Кана.

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҰЛДАРЫ: АРОН НУТУШЕВ (АРОН АТАБЕК) ПЕН БОЛАТ АТАБАЕВ

Аскарова Толғанай

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Нұрбай Қ.Ж.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

tolganajaskarova89@gmail.com

Астана қ.

Мен бұл тақырыпты таңдаған себебім – АронНутушев пен Болат Атабаев сынды тұлғалар жайлы көп айтылмайды. Алайда олар шын мәнінде қазақтың нағыз батырлары. Олар қазақ халқының мүддесін қорғап, өз пайдасын ойламай, халықтың мұң-мұқтажын қорғауға өмірлерін арнады.

Бұл тақырыптың өзектілігі өте жоғары. Бүгінгі таңда тарихи тұлғаларды танып-білу өте маңызды, әсіресе тұлғатану мәселесі аса өзекті. Біріншіден, бұл тұлғалар туралы ақпарат өте аз, себебі оларды билік қудалады, сол себепті олардың есімдері көп айтылмайды. Екіншіден, жалпы тұлғалар тарихы – маңызды тақырып. Тұлғаларды зерттеу арқылы жастарды отансүйгіштікке, елді сүйеге тәрбиелей аламыз. Арон Атабек пен Болат Атабаев – нағыз жастарға үлгі боларлық тұлғалар.

Біздің бірінші кейіпкеріміз – ХХІ ғасырдың айбынды қайраткерлерінің бірі Арон Атабек. Оның есімі қазақ халқының еркіндігі мен құқықтарын қорғаумен, әділетсіздікке қарсы батыл күрес жүргізуімен танылды. Арон Атабек 2006 жылы Алматы қаласында Шаңырақ оқиғасы кезінде халықты қорғап, сол үшін ұзақ мерзімге түрмеге қамалды. Ол өз өмірін әділдікке арнап, қазақ қоғамына еркіндік идеяларын таратып, халқына адал қызмет етті [1].

Арон Атабек 1953 жылы 31 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Ол қазақтың қоғам қайраткері, ақын, жазушы және саяси диссидент ретінде танылды. Бала кезінен әдебиетке, мәдениетке және тарихқа қызығушылық танытқан Арон Атабек өзінің шығармашылық жолын ерте жастан бастады. Оның поэзиясы мен прозасы қазақ халқының ұлттық санасын оятуға, еркіндікке шақыруға арналды. Арон Атабек - Қазақстанның белгілі диссиденті, ақын және саяси қайраткері. Ол Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге желтоқсан оқиғасына қатысқан жастар – желтоқсаншылармен кездесуге қатысқан болатын. Бұл кездесу барысында Атабек президент Назарбаевтан 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде қаза тапқан қазақ жастарын еске алу үшін 1 минут үнсіздік жариялауды талап етті. Бұл қадам оның әділдікке деген талпынысын

және қазақ жастарының ерліктерін ұмытпауға деген ұстанымын көрсетті. Ол Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың ерлігін құрметтеуді және олардың рухын мәңгі есте сақтауды талап етті[2].

1989 жылы Арон Атабек «Жерұйық» ұлттық ұйым, 1990 жылы «Алаш» партиясын құрады, бірақ биліктің қудалауына ұшырап 1991 жылы Мәскеу қаласына көшеді. Ол жерде ол Алаш партиясының үні Хақ газетін баспадан шығарады, алайда 1992 жылы наурыз айында өз пәтерінде тұтқындалып көшіп кетуге мәжбүр болады. Осы жылдың сәуір айында ол сол кездегі Азербайджан президенті Абулфаз Элчибейдің шақыруымен Баку қаласына отбасымен бірге көшіп барады, ол жерде түріктілдес халықтарының біріктіру жолында көптеген жұмыстар атқарады, «Түркістан» атты түрік халықтарының бірлігін насихаттайтын ұйым құрады. Азербайджанда Арон Атабек саяси босқын ретінде өмір сүріп, Түркістан идеяларын дамытуға талпыныстар жасады, өз сөздерінде осы аймақтың тәуелсіздігі мен бірлігі туралы идеяларды жиі қозғаған. Түркістан — бұл тек қана Қазақстанды емес, бүкіл түркітілдес елдерді қамтитын үлкен мәдени және тарихи ұғым. Ол Қазақстан тәуелсіздігінен кейінгі жылдары түркі халықтарының мәдени, саяси және экономикалық ықпалдастығын нығайтуды мақсат тұтқан ұйымдар мен қозғалыстарға қолдау білдірген. Бірақ 1993 жылы Азербайджан президенті болып Гейдар Алиев сайланғаннан кейін Баку қаласынан кетуге мәжбүр болады [3].

Арон Атабек 1980-1990 жылдары тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылған қоғам қайраткерлерінің қатарына қосылды. Ол қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі, мәдени және рухани еркіндігі үшін күресті. Оның саяси көзқарастары негізінен әділдік, еркіндік және қазақ халқының өзін-өзі анықтау құқығына бағытталды. Ол Қазақстандағы билік құрылымдарын қатты сынға алып, әділетсіздікке қарсы шықты.

Арон Атабек 2006 жылғы Алматыдағы Шаңырақ оқиғасынан кейін кеңінен танылды. Алматы қаласының Шаңырақ ықшамауданында халық пен билік арасындағы қақтығыс орын алып, билік жергілікті тұрғындардың үйлерін заңсыз салынған деп бұзуға әрекеттенді. Атабек сол кезде халық жағына шығып, олардың баспаналарын қорғау үшін күресті. Бұл оқиға Қазақстандағы әлеуметтік және саяси әділетсіздіктердің ашық көрінісі болды. Шаңырақ оқиғасы нәтижесінде Арон Атабек 18 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол "тәртіпсіздіктерді ұйымдастырды" деген айыппен сотталды. Атабек бұл айыптарды мойындамаған, ол өз әрекеттерін халықтың құқықтарын қорғау үшін жасалған әділетті күрес деп санады. Оның сотталғаны қоғамда үлкен резонанс тудырды және Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау мәселелерін көтерді [4].

Арон Атабек 2006 жылы түрмеге түскеннен кейін де өз күресін тоқтатпады. Ол шығармашылық жолын жалғастырып, өлеңдер жазды, мақалалар мен хаттар арқылы өз ойын білдірді. Атабектің поэзиясы қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға, рухани тәуелсіздікке шақыруға арналды. Оның «Түрме хаттары» атты жинағы халық арасында кеңінен танымал болды. Түрмеде отырып, Атабек өзінің азаматтық құқықтары мен еркіндігі үшін күресін жалғастырды.

2006 -2021 жылдар аралығында Арон Атабек өмірінің 15 жыл түрмеде өткізіп, денсаулығы күрт нашарлайды. Осыған байланысты 2021 жылдың 1 қазанында тұтқыннан босатылады, бірақ ауыр халде ауруханаға түседі. Түрмеден шыққаннан кейін небәрі екі айға жуық уақыт өткеннен кейін, яғни осы 2021 жылы, 24 қарашада Алматы қаласындағы ауруханалардың бірінде қайтыс болады (*қосымшаны қараңыз!*). Оның өлімі қазақ халқы үшін ауыр соққы болды. Атабек қазақ халқының еркіндік пен әділдік үшін күрескен нағыз батыр тұлғасы ретінде тарихта қалды. Оның шығармашылығы мен саяси күресі қазақ халқының ұлттық рухын оятуға, оның болашағы үшін күресуге үлкен үлес қосты.

Арон Атабектің поэзиясы мен прозасы қазақ халқының ұлттық санасын оятуға, еркіндікке шақыруға арналады. Оның шығармалары ұлттық рухты оятуға үлкен ықпал етті. Атабектің өмірі тек саяси белсенділікпен шектелмей, оның әдебиетке қосқан үлесімен де ерекшеленеді. Өзі диссидент, ақын ретінде халықтың мұңын жырлап, саналы азаматтарды әділетке шақырды. Арон Атабек қазақ халқының мүддесін қорғауда ешқашан қаймықпаған қайраткер ретінде тарихта қалды [5].

Екінші кейіпкеріміз – Болат Атабаев, атақты режиссер, драматург және қоғам қайраткері. Ол қазақ театр өнерін жаңа белестерге көтеріп, ұлттық мәдениетіміздің дамуына үлкен үлес қосты. Болат Атабаев қазақтың мәдениетін әлемге танытып, өз спектакльдері арқылы халықты отансүйгіштікке, әділеттілікке тәрбиеледі.

Ол 1952 жылы 15 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол қазақ театрының режиссері, драматург, мәдениет қайраткері және қоғам белсендісі ретінде кеңінен танылды. Болат Атабаевтың шығармашылығы қазақ халқының мәдениетін дәріптеуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға және қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеруге бағытталды. Атабаевтың өнері әрқашан халық мүддесіне арналды. Ол – қазақ театрының дамуына ерекше үлес қосқан тұлға. Ол бірнеше театрларда жұмыс істеп, қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде танытуға үлкен үлес қосты. Атабаевтың қойылымдары ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін сақтауға бағытталды. Оның спектакльдері қоғамдағы маңызды мәселелерді ашық көтеріп, халықтың санасына үлкен әсер етті [6].

Болат Атабаев саяси белсенділігімен де танымал болды. Ол Қазақстандағы әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы шығып, демократиялық құндылықтарды қорғауға аят салысты. 2011 жылы Жаңаөзен оқиғасынан кейін Атабаев ашық түрде халықтың мүддесін қолдады және билікті сынға алды. Осы әрекеті үшін оған да қысым көрсетілді, бірақ ол өзінің саяси көзқарастарынан бас тартпады. Атабаев қоғамдағы әділетсіздіктерге қарсы күресті театр арқылы жалғастырды. Ол өзінің қойылымдарында сөз бостандығы, адам құқықтары және әділдік сияқты өзекті мәселелерді көтерді.

Оның саяси белсенділігі мен шығармашылығы қазақстандық қоғамға үлкен әсер етті [7]. Болат Атабаев 2021 жылы 29 шілдеде қайтыс болды. Оның өлімі қазақ қоғамы үшін үлкен қайғы болды. Атабаевтың мәдениет пен саясаттағы еңбегі қазақ халқының ұлттық санасын оятуға және рухани жаңғыруға қосқан үлесі ретінде есте қалды. Ол да қоғамдағы әділетсіздікке қарсы шығып, белсенді азаматтық ұстанымымен ерекшеленді. Ол шығармалары арқылы саяси және әлеуметтік мәселелерді көтеріп, қоғамды ойландыруға ықпал етті [8].

Арон Атабек пен Болат Атабаев – Қазақстанның заманауи тарихында еркіндік, әділдік пен ұлт мүддесі үшін күрескен батыр тұлғалар. Олардың өмірі, күрескерлігі мен шығармашылығы Қазақстанның саяси және мәдени өмірінде ерекше орын алады. Бұл тұлғалардың тағдыры қазақ халқының еркіндікке ұмтылысымен тығыз байланысты. Арон Атабек – ақын, жазушы және саяси белсенді, ал Болат Атабаев – театр режиссері, драматург және қоғам қайраткері. Екеуі де билікке сын айтып, қазақ халқының құқықтарын қорғап, өз өмірлерін сол күреске арнады. Бұл баяндамада олардың өмірі мен қызметі, күресі мен шығармашылығы жан-жақты қарастырылып, қазақ тарихындағы ролі талданады [9].

Қазақстанның тарихында ұлттық сана мен ұлттың дамуына, тәуелсіздік үшін күреске өзін арнаған көптеген тұлғалар болған. Олардың қатарында Арон Атабек пен Болат Атабаев ерекше орын алады. Бүлекітұлға ХХІ ғасырда қазақ халқының мәдениеті мен саясатының дамуына үлкен ықпал етті. Арон Атабек пен Болат Атабаевтың өмір жолы күрделі әрі қайшылыққа толы болды, олар өз заманының батырлары болды. Бұл баяндамада олардың өмірі мен күресі терең талданып, соларқылы олардың қазақ қоғамындағы орны ашылады.

Арон Атабек пен Болат Атабаев – қазақ халқының еркіндігі, әділдігі және рухани байлығы үшін күрескен батырлар. Олардың қызметі тек саяси және мәдениет саласымен шектелмей, Қазақстанның рухани және әлеуметтік өміріне терең ықпал етті. Атабек пен Атабаевтың ерліктері мен шығармашылық еңбектері қазақ халқының ұлттық мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Олардың аты мәңгі ел есінде сақталып, болашақ ұрпаққа үлгі болады. Арон Атабек пен Болат Атабаев – қазақ халқы үшін ұмытылмас тұлғалар. Олардың ерлігі мен еңбектері болашақ ұрпаққа үлгі болып, ұлттық рухты сақтау мен дамытудың негізі ретінде есте қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Атабек А. Ұлт тағдыры және еркіндік. — Алматы: Жазушы, 2008.
2. Атабек А. "Қазақ рухының күресі. — Астана: Әдебиет, 2010.
3. Баймұратов Қ. Қазақстанның саяси күрескерлері — Алматы: Ана тілі, 2016.
4. Қазақ диссиденттерінің тағдыры. — Астана: Рухани жаңғыру, 2019.
5. Желтоқсан оқиғалары. — Алматы: Тәуелсіздік, 1998.
6. Жаңаөзен оқиғалары: Қоғамдық пікір және БАҚ. — Алматы: Кітап, 2012.
7. Қуанышбеков Д. Атабаев Болаттың шығармашылық жолы. — Алматы: Өнер, 2020.
8. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі қайраткерлер. — Алматы: Тарихи мұра, 2017.
9. Рахметова А. Арон Атабек және Болат Атабаев: мәдениет пен саяси белсенділік. - Алматы: Зияткер, 2019.

ИЛИЯС ОМАРОВ ПЕН ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТИҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУДАҒЫ ОРТАҚ МИССИЯСЫ

Абдикаримова Ж.М.

Ғылыми жетекшісі: Гуманитарлық ғылымдар магистрі Байбосын Л.С.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

ajhazira@gmail.com

Арқалық .к.

Илияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібеков — қазақ халқының мәдениеті мен тарихының дамуына ерекше үлес қосқан ұлы тұлғалар. Олардың өмірі мен шығармашылығы қазақтың мәдени және рухани болмысының қалыптасуына, сонымен қатар ұлттық әдебиет пен тарихтың, өнердің, тіл мен мәдениеттің әлемдік деңгейде танылуына үлкен әсер етті. Қазақ мәдениеті мен тарихында айрықша орын алатын, ұлттың рухани байлығын сақтау мен дамыту жолында ұлы еңбек еткен тұлғалар. Екеуі де қазақ халқының әдебиеті, өнері, мәдениеті мен тарихын жаңғыртып, оны келер ұрпаққа жеткізуде орасан зор роль атқарды. Бұл тұлғалардың қоғамдағы ролі мен олардың жасаған жұмыстары қазіргі қазақ мәдениеті мен өнерінің дамуына үлкен ықпал етіп отыр.

Илияс Омаров — қазақ әдебиетінің маңызды тұлғаларының бірі әрі мәдениет қайраткері. Ол қазақ әдебиетінің өркендеуіне айтарлықтай үлес қосып, ұлттық тіл мен мәдениеттің сақталуына үлкен әсер етті. Омаровтың шығармалары қазақ халқының тұрмысын, дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын, ой-санасын, тарихи келбетін сипаттай отырып, қазақ мәдениетінің алуан түрлі қырларын көрсетті. Омаровтың еңбектерінде тіл мәселесін зерттеуге арналды. Ол қазақ тілінің байлығын, маңыздылығын ашып көрсетіп, оның әдебиет пен мәдениеттегі роліне ерекше көңіл бөлді. Сонымен қатар, ол қазақ тілінің мәртебесін көтеру және оны нығайту